

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2008 жылғы 1 ақпандағы № 19 және 2009 жылғы 24 наурыздағы № 40 бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2010 жылғы 16 ақпандағы № 31 Бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына және «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 561 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу және мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2315 қаулысының 3-тармағына сәйкес,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) «Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2008 жылғы 1 ақпандағы № 19 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5140 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағының 2008 жылғы 10 маусымдағы № 6 с а н ы н д а ж а р и я л а н ғ а н) ;

2) «Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2008 жылы 1 ақпандағы № 19 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2009 жылғы 4 наурыздағы № 40 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5642 тіркелген, « Егемен Қазақстан» газетінде 2009 жылғы 5 мамырда № 158-159 (25556) жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және м ұ р а ғ а т к о м и т е т і :

1) осы бұйрықтың көшірмесін Әділет министрлігіне жолдауды;
2) осы бұйрықты мерзімді баспасөз басылымында ресми жариялауды қамтамасыз е т с і н .

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

М. Құл-Мұхаммед